

Мұхтар Омарханұлы
Әуезов

«Қараш-Қараш

Оқиғасы» хикаяты

(кітапханалық

пікіралысу –қойылым)

Мақсаты: М.Әуезовтің өмірі мен әлемдік әдебиетке қосқан үлесін, хикаяттағы тарихи тұлға арқылы оқушылардың көзін шындыққа жеткізу;

Оқушылардың туған еліне, халқына, отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, адамгершілікке, адалдыққа баулу; Оқушыларды өткен тарихқа көз жіберте отырырып көркем шығармағы деген қызығушылығын арттыру



□ М.О.Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Қазіргі ШҚО облысының Абай ауданындағы Бөрілі деген жерде 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген.

М.Әуезов қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен өмірлік шығармашылық жолында зор табыстарға жетті. 20- жасында «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазғаннан кейін он шақты жыл ішінде көптеген әңгіме, повесть, пьесаларымен көзге түсті. Атап айтқанда : «Қорғансыздың күні», «Барымта», «Ескілік көлеңкесінде», «Көксерек», «Қыр әңгімелері» , «Жетім», «Қараш-Қараш оқиғасы» , «Қаралы сұлу», «Қилы заман» секілді прозалық шығармаларымен оқырман назарын бірден өзіне аударды. Прозаның шағын жанрының шебері екендігін көрсететін осы шығармаларында адамның іс-әрекетін әлеуметтік – қоғамдық жағдайлармен астастыра келіп, кейіпкер психологиясының терең иірімдерін, табиғат суретін, халықтың дәстүрлі тіршілігін , тынысын, ұлттық мінез-құлқын мейлінше қанық, толық суреттей білген.

Ұзақ жылдарға собылған терең шығармашылық ізденістердің , қажыр-қайраттың нәтижесінде күллі әлемге ұлы абайды танытып қана қойған жоқ, қазақ халқы «Абай жолы» арқылы өзінде тереңірек түсініп таныды.



«Қараш-қараш оқиғасы»



- «Қараш-Қараш оқиғасы» 1927 жылдың желтоқсан айы мен 1928 жылдың қаңтар айларында жазылған . 1959 жылы қайта өңделіп басылған.
- 1961 жылы орыс тіліне аударылып , 1968 жылы «Қазақфильм» және «Қырғызфильм» киностудиялары бірігіп , Болат Шәмшиев өзі сценарий жаза отырып әрі режиссерлігін қатар алып « Асуда атылған оқ» ,- деп аталатын көркем фильм түсірген. Мұндағы басты рөлді қырғыз актері Сүлейменқұл Чокмаров сомдады.

Шығарманың өмірдегі прототиптері

- Бақтығұл-Рысқұл
- Тектіқұл- Молдабек
- Сейіт – Тұрар
- Қатша – Тұрардың анасы Ізбайша
- Жарасбай болы – Саймасай Үшкемпіров
- Сары руы – Сәлік руы
- Шалқар болысы – Талғар болысы
- Бүрген болысы – Түрген болысы

Шығарманың жазылу тарихы

- Мұхтар Әуезовпен Тұрар Рысқұлов Орынборда І-ші қазақ съезінде танысады, сол съезге Мұхтар Семейден арнайы барған еді. Қазақтың қос шырағының арасында соңында үлкен шығармаға арқау болған әңгіме өрбиді. Тұрар өзінің әкеіс Рысқұлдың басынан өткен ауыр тағдыры жайлы Мұхтарға айтып береді. Кейінірек Әуезов оқиға желісіндегі : «Қараш асуы», «Талғар өзені», «Саймасай жайлауын» аралап «Қараш-Қараш» оқиғасын өмірге әкеледі.
- Шындық негізде жазылған шығарманың басты прототипі -Рысқұл



«Қараш-қараш оқиғасы»

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ФИЛЬМ

ВЫСТРЕЛ НА ПЕРЕВАЛЕ КАРАШ

Сценарий
Б. ШАМШИЕВА,
А. АШИМОВА
Постановка
Б. ШАМШИЕВА
Производство
киностудий
«Казахфильм»
и «Киргизфильм»



